

«Пригород орта мектебі» КММ бойынша

Бұйрық

Ақтөбе қаласы

№313

01.09.2023ж

«2023-2024 оқу жылының басталуы туралы»

Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі №277 бұйрығы негізінде

Бұйырамын:

1. 2023-2024 оқу жылында «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынсын.

1.1. 2023-2024 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау үшін барлық жағдай жасау қамтамасыз етілсін.

1.3. Мектеп оқушылары мен педагогтердің өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары бақылауға алынсын.

1.4. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру, үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу ұйымдастырылсын.

1.5. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігімен айқындалған оқу мерзімдері туралы ата-аналар назарына жеткізілсін:

1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы 2023 жылғы 1 қыркүйек, аяқталуы 25 мамыр болып белгіленді;

2) оқу жылының ұзақтығы мектепалды даярлық топтары мен 1-сыныптарда-33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда-34 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі тоқсандар аралығындағы оқушылардың каникулдары кезеңдері: күзгі каникул-7 күн (30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда), қысқы каникул-10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі каникул-11 күн (2024 жылғы 21 наурыздан бастап 31 наурызды қоса алғанда);

Мектепалды даярлық топтары, 1-сыныптарда қосымша каникул-7 күн (2024 жылғы 5 ақпаннан бастап 11 ақпанды қоса алғанда).

1.6. ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.

1.7. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

«Пригород орта мектебі» КММ директоры  Ш.К.Умирзакова

